

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ

2024 жылғы 14 наурыз

Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы М.С. ӘШІМБАЕВ жүргізді.

ТӨРАҒА. Қайырлы күн, құрметті Сенат депутаттары және отырысқа қатысушылар! Жұмысымызды бастайық. Депутаттардың тіркеуден өтулерін сұраймын. Тіркеу режимі қосылсын.

Қажетті кворум бар. Сенат отырысын ашық деп жариялаймын.

Құрметті депутаттар, енді күн тәртібін бекітіп алайық. Күн тәртібінің жобасы сіздерде бар. Сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса күн тәртібін дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Күн тәртібі бекітілді.

Құрметті әріптестер, күн тәртібіндегі бірінші мәселе Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған «1994 жылғы 9 тамыздағы Қазақстан Республикасы мен Литва Республикасының арасындағы азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек және құқықтық қатынастар туралы шартқа өзгеріс енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын қарау жөнінде.

Заң бойынша баяндама жасау үшін сөз Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің мүшесі Қадырбек Мұрат Болатұлына беріледі.

ҚАДЫРБЕК М.Б. М. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы.

Құрметті әріптестер! Сіздердің назарларыңызға «1994 жылғы 9 тамыздағы Қазақстан Республикасы мен Литва Республикасының арасындағы азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек және құқықтық қатынастар туралы шартқа өзгеріс енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы ұсынылып отыр.

Хаттамаға 2022 жылғы 31 тамызда Вильнюс қаласында қол қойылды. Шарт 1998 жылғы 9 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңымен ратификацияланған.

Аталған шарт азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша өзара құқықтық көмек көрсетудің, құқықтық қарым-қатынас жасаудың тәртібін айқындап, екі елдің заңды тұлғалары мен жеке тұлғаларының құқықтарын қорғауға бағытталған.

Қаралып отырған хаттамамен шарттың 4-бабын жаңа редакцияда жазу ұсынылады. Шарттың қолданыстағы 4-бабына сәйкес құқықтық көмек көрсету саласында Қазақстан

Республикасы мен Литва Республикасы бір-бірімен екі елдің Әділет министрлігі және Бас прокуратурасы арқылы ынтымақтастықты жүзеге асырып келді. Алайда шарт тараптарының ұлттық заңнамасы, мемлекеттік органдардың құзыреті, олардың атаулары өзгеріп отырады. Атап айтқанда, Қазақстанның қылмыстық процестік және азаматтық процестік заңнамаларына енгізілген өзгерістерге сәйкес қазақстандық сот пен шетел соттарының тапсырмаларын орындау, жеке және заңды тұлғалардың құқықтық көмек көрсету жөніндегі өтініштерін қарау функциясы Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотына берілді. Тиісінше аталған функцияларды Жоғарғы Сот жүзеге асырады.

4-бапқа енгізіліп отырған өзгеріске сәйкес шарт аясында құқықтық көмек көрсету кезінде уағдаласушы тараптардың тағайындалған орталық органдары олардың функциялары мен байланыс деректері туралы бір-біріне дипломатиялық арналар арқылы дереу хабардар етуге міндеттеледі. Мысалы, Қазақстан Республикасы шарттың 4-бабында қарастырылған өзгерістер пайда болған жағдайда Литва Республикасын дереу хабардар етуге міндетті.

Хаттаманы ратификациялау шарт тараптарының құқықтық көмек көрсету саласында тағайындалған құзыретті орталық органдары туралы хабарлау процесін жетілдіру арқылы Қазақстан мен Литва азаматтары мен заңды тұлғаларының құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға бағытталған азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек көрсету саласындағы екіжақты ынтымақтастықты одан әрі нығайтуға ықпал ететін болады.

Бүгінгі күні Қазақстан алыс және жақын шетел мемлекеттерімен азаматтық және қылмыстық істер бойынша өзара құқықтық көмек туралы 17 халықаралық шартты ратификациялаған, оның ішінде 15 шарт екіжақты, 2 шарт көпжақты.

Осы орайда шарт азаматтарға құқықтық даулар мен басқа да құқықтық мәселелер туындаған жағдайда қажетті құжаттарды рәсімдеу мен басқа да құқықтық көмек алу тұрғысынан өте маңызды.

«Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы» Заңға сәйкес хаттама ратификациялауға жатады.

Сенаттың тұрақты комитеттерінен заң бойынша ескертулер мен ұсыныстар болған жоқ. Заң жұмыс тобы мен комитет отырысында жан-жақты және толыққанды талқыланып қаралды.

Құрметті әріптестер! Жоғарыда баяндалғандардың негізінде Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитеті «1994 жылғы 9 тамыздағы Қазақстан Республикасы мен Литва Республикасының арасындағы азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек және құқықтық қатынастар туралы шартқа өзгеріс енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын Қазақстан Республикасы Конституциясының 61-бабы 4-тармағына сәйкес мақұлдауды ұсынады.

Қолдауларыңызды сұраймын. Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Мұрат Болатұлы.

Құрметті әріптестер, заң бойынша сұрақтарыңыз бар ма?

Сөз депутат Арубаев Сәкен Қаланұлына беріледі.

АРУБАЕВ С.Қ. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрағым Әділет министрлігінің өкіліне.

Жалпы мемлекеттердің құқықтық көмек көрсету саласындағы ынтымақтастығы – осы саладағы халықаралық ынтымақтастықтың маңызды нысаны ретінде азаматтар мен заңды тұлғалардың құқықтары мен мүдделерін қамтамасыз етіп, сот төрелігін тиімді іске асыруға жәрдемдесу. Дегенмен көптеген азаматтар халықаралық құқықтық көмек шарттары аясында шет мемлекеттің аумағында сот шешімдерінің орындалуы ұзақ мерзімдерге созылатынына жиі шағымданады. Тіпті борышкер немесе өндіріп алынатын мүлік шет мемлекеттің аумағында болса көптеген сот шешімдері орындалмай да қалып жатады. Осыған байланысты сұрағым бар.

Халықаралық ынтымақтастық шеңберінде сот актілерін орындау мерзімдерін қысқарту үшін біздің тарап және жалпы басқа мемлекеттер қандай шаралар қолданады? Рақмет.

ТӨРАҒА. Әділет вице-министрі Жақселекова Ботагөз Шаймарданқызы, жауап беріңіз.

ЖАҚСЕЛЕКОВА Б.Ш. Сұрағыңызға рақмет.

Шартқа сәйкес тараптар құқықтық көмек көрсету туралы өтініштерді орындау кезінде өз мемлекетінің заңнамасын қолданады. Қазақстанның Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексіне сәйкес құжаттарды қарау мерзімі бір айдан аспауға тиіс.

Вместе с тем в случаях когда запрашивающая сторона ходатайствует о сокращении сроков, об ускоренном рассмотрении, то, как правило, если по инициативе сторон такая просьба выражается, она чаще всего удовлетворяется. На практике сложилась такая процедура.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Карплюк Сергей Алексеевичке беріледі.

КАРПЛЮК С.А. Спасибо, уважаемый Маулен Сағатханұлы.

Мой вопрос адресован Министерству юстиции.

Международное сотрудничество в двустороннем формате по оказанию правовой помощи по гражданским, семейным и уголовным делам между Республикой Казахстан и Литовской Республикой продолжается в течение 30 лет. В связи с чем у меня уточняющий вопрос.

Какая статистика есть на сегодня по оказанию правовой помощи нашим гражданам в Литовской Республике, какие вопросы были рассмотрены, были ли они решены? Спасибо.

ТӨРАҒА. Ботагөз Шаймарданқызы, жауап беріңіз.

ЖАҚСЕЛЕКОВА Б.Ш. Благодарю за вопрос.

Если мы говорим о статистике за последние три года, то она не такая уж большая. К примеру, со стороны Казахстана в сторону Литовской Республики ушло чуть больше 100 запросов, которые чаще всего касались актов гражданского состояния, это копии свидетельств о рождении, о расторжении брака, о смерти.

Аналогично с литовской стороны в нашу сторону приходят такого же рода запросы. Их гораздо меньше, не более 50 за последние три года.

Нужно сказать, что все запросы исполняются в полном объеме. Никаких вопросов, проблем между странами нет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Қапбарова Айгүл Жарылқасынқызына беріледі.

ҚАПБАРОВА А.Ж. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрағым Әділет министрлігінің өкіліне.

Қолданыстағы шарттың 4-бабында құқықтық көмек көрсету кезінде уағдаласушы тараптар бір-бірімен екі елдің әділет министрліктері мен бас прокуратуралары арқылы байланысады делінген.

Осы хаттамаға сәйкес құқықтық көмек көрсету кезінде уағдаласушы тараптар бір-бірімен орталық органдар арқылы байланысады деп шарттың 4-бабына өзгеріс енгізген. Осыдан сұрақ туындайды.

Не себептен екі елдің бас прокуратуралары белгіленген азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек көрсету тізімінен алынып тасталды? Рақмет.

ТӨРАҒА. Ботагөз Шаймарданқызы, жауап беріңіз.

ЖАҚСЕЛЕКОВА Б.Ш. Сұрағыңызға рақмет.

Шарттың 4-бабына енгізілген өзгеріс ұлттық деңгейде құқықтық көмек көрсету қатынастарын жүзеге асыратын тараптардың құзыретті мекемелерін белгілеуге бағытталған. Қазақстан тарапынан Әділет министрлігі, Бас прокуратура және Жоғарғы Сот, ал Литва тарапынан Әділет министрлігі және Бас прокуратура болып белгіленген.

Почему такие изменения были инициированы? Поскольку периодически происходят изменения в законодательстве, в частности в казахстанском законодательстве, в 2010 году были внесены поправки в Уголовно-процессуальный кодекс и Гражданский процессуальный кодекс, и функции по рассмотрению оказания правовой помощи по делам, связанным с перепиской по судебным делам, по ходатайствам физических и юридических лиц, были переданы Верховному Суду.

Для того чтобы в последующем избежать постоянного внесения изменений в указанный договор, Казахстаном было инициировано, чтобы решение о назначенных государственных органах по дипломатическим каналам путем обмена информацией было предоставлено сторонам. Литовская сторона это предложение поддержала. В будущем после ратификации этого договора будет издан соответствующий акт Главы государства, будут определены уполномоченные органы, мной перечисленные, в последующем по дипломатическим каналам мы эту информацию передадим. Рақмет.

ТӨРАҒА. Басқа сұрақтар жоқ.

Рақмет, Мұрат Болатұлы. Орныңызға отырыңыз.

Құрметті әріптестер, енді заңды талқылауға көшейік.

Сөз депутат Асанова Жанна Бейсентайқызына беріледі.

АСАНОВА Ж.Б. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы.

Құрметті әріптестер! 1994 жылғы 9 тамыздағы Қазақстан Республикасы мен Литва Республикасы арасындағы азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек және құқықтық қатынастар туралы шарттың қолданылу аясы тараптардың құзыретті мемлекеттік органдарының азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмектің кең түрлерін ұсыну арқылы өзара іс-қимылын жүзеге асыруды көздейді.

Шарт екінші уағдаласушы тараптың аумағында өзінің жеке және мүліктік құқықтарына қатысты осы уағдаласушы тараптың азаматтарымен тең құқықтық қорғауды пайдаланатын азаматтар мен заңды тұлғаларды құқықтық қорғауға қатысты ұлттық режимді қолдануды көздейді.

Қарауға ұсынылған хаттамада Қазақстан Республикасының тағайындалған орталық органдары, олардың функциялары мен байланыс деректері туралы және керісінше, Литва Республикасының осындай мәліметтері туралы дипломатиялық арналар арқылы Литва Республикасын дереу хабардар ету мақсатында оған өзгерістер енгізу ұсынылады.

Дереу хабардар ету туралы ережені енгізу негізгі шара болып табылады, себебі Қазақстан Республикасы мен Литва Республикасы арасындағы шартта өзара іс-қимылды үйлестіру жөніндегі функция бекітілетін орталық органдардың құзыреті тараптардың заңнамасындағы өзгерістерге байланысты өзгертілуі, толықтырылуы немесе берілуі мүмкін.

Өзара іс-қимылдың тиімділігі мен жеделдігі қолданыстағы құзыретіне істердің әртүрлі санаттары бойынша ынтымақтастық мәселелері кіретін орталық органдар шеңберіне байланысты болғандықтан енгізілген өзгеріс уағдаласушы тараптардың тағайындалған орталық органдары туралы хабарлау процесін оңтайландыруға мүмкіндік береді деп есептейміз.

Осыған байланысты шартты ратификациялау Қазақстан мен Литва арасындағы құқықтық мәселелердің кең ауқымы бойынша құқықтық көмек көрсету жөніндегі екіжақты ынтымақтастықтың тиімділігін арттыруға ықпал ететін болады.

«Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы» Заңның 27-бабы 4-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына өзгерістер халықаралық шарттардың өздерінің күшіне ену талаптарына сәйкес және сол тәртіппен күшіне енеді.

Қазақстан Республикасы мен Литва Республикасы арасындағы азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек пен құқықтық қатынастар туралы шартты Қазақстан 1998 жылы қарашада ратификациялады. Осыған байланысты қаралып отырған хаттама да ратификациялауға жатады.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып мен заңды қолдаймын және әріптестерімді де осы заңды қолдауға шақырамын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Талқылауға қатысатын басқа депутаттар жоқ. Енді заң бойынша шешім қабылдайық. «1994 жылғы 9 тамыздағы Қазақстан Республикасы мен Литва Республикасының арасындағы азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек және құқықтық қатынастар туралы шартқа өзгеріс енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын мақұлдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Заң мақұлданды.

Құрметті әріптестер! Күн тәртібіндегі келесі мәселе Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне денсаулық сақтау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын бірінші оқылымда қарау жөнінде.

Заң бойынша баяндама жасау үшін сөз Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің хатшысы Арғынбекова Айнұр Серікпайқызына беріледі.

АРҒЫНБЕКОВА А.С. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, қадірлі әріптестер! «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне денсаулық сақтау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы Президенттің 2020 жылғы 27 мамырда Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің үшінші отырысында айтылған кәсіптік қызметке кепілдік беруді қоса алғанда медициналық қызметкерлердің заңдық және қаржылық қорғалуы мен жауапкершілігі жүйесін енгізу туралы тапсырмаларын іске асыру үшін әзірленді.

Закон направлен на:

обеспечение населения качественной и доступной медицинской помощью;

создание условий для формирования и дальнейшего развития системы вмененного страхования профессиональной ответственности медицинских работников;

защиту прав граждан на возмещение вреда, причиненного здоровью при оказании им медицинской помощи;

повышение статуса и престижа медицинской профессии.

Данную реформу ожидают около 78 тысяч врачей и 181 тысяча средних медицинских работников.

В законе в целях поддержки медицинских работников предусмотрены следующие поправки:

предоставление детям медицинских работников, погибших или которым установлена инвалидность в результате увечья, полученного при исполнении служебных обязанностей, в приеме на обучение в организации образования, реализующие образовательные программы высшего образования, вне конкурса на основании их заявления с присуждением образовательного гранта;

предоставление местными исполнительными органами в приоритетном порядке мест для детей медицинских работников в дошкольных организациях, работающих по месту жительства;

предоставление права на воинскую службу по медицинской специальности или отсрочку от призыва на воинскую службу в соответствии с Законом Республики Казахстан «О воинской службе и статусе военнослужащих», а также на участие во внедрении новых методик и технологий в медицинскую практику;

присвоение звания «Қазақстанның еңбек сіңірген дәрігері», проведение ежегодного конкурса «Лучший по профессии» с выплатой соответствующих денежных вознаграждений;

единовременная денежная выплата медицинским работникам по остродефицитным специальностям, прибывшим на работу в сельскую местность на срок не менее пяти лет, в размере 100-кратной величины минимальной заработной платы;

возмещение транспортных расходов, связанных с проездом для осуществления профессиональной деятельности;

гуманизация статьи 317 Уголовного кодекса, а именно снижение сроков ареста и размеров штрафов.

Предлагаемые поправки направлены на снижение профессиональных рисков, повышение уверенности медицинского работника в практической деятельности при принятии решений об ответственности за жизнь и здоровье пациента, повышение уровня доверия граждан к системе здравоохранения, улучшение качества оказания медицинских услуг, повышение статуса и привлекательности медицинской профессии, снижение оттока квалифицированных кадров из отрасли, привлечение молодых специалистов для работы в сельской местности.

Основной новеллой закона является внедрение модели страхования профессиональной ответственности медицинских работников и введение обязанности субъектов здравоохранения по их обеспечению.

Данная модель полагает рассмотрение жалобы независимой комиссией, созданной в медицинской организации, с привлечением профильных экспертов, профессиональных медицинских ассоциаций, страховой компании, представителей пациента, профессиональных медиаторов и иных экспертов, с применением элементов медиации. И предлагает урегулировать конфликт в самой медицинской организации.

Также важнейшей новеллой закона является полный запрет оборота некурильных табачных изделий, электронных систем потребления (вейпов), ароматизаторов и жидкостей для них, с соответствующей ответственностью в Уголовном кодексе, что позволит исключить их потребление, особенно среди подростков и молодежи.

Данная норма вводится во исполнение поручения Главы государства о принятии срочных и системных мер для борьбы с употреблением вейпов и электронных сигарет.

Необходимо отметить, что в настоящее время Всемирной организацией здравоохранения опровергнуто заявление о снижении вреда для курильщиков, перешедших с обычных сигарет на вейпы. В 33 странах мира ввели запрет на оборот вейпов (Дания, Норвегия, Аргентина, Сингапур и другие). В странах ЕАЭС также уже обсуждается вопрос о полном запрете вейпов и некурильных табачных изделий.

В целом законом вносятся изменения и дополнения в действующие четыре кодекса и девять законов.

Постоянные комитеты Сената Парламента Республики Казахстан по концепции закона замечаний и предложений не имеют.

Құрметті Төраға, құрметті әріптестер! Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитеті «Қазақстан Республикасы Парламентінің комитеттері мен комиссиялары туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 29-бабы 7) тармақшасын басшылыққа ала отырып, «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне денсаулық сақтау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын Сенат отырысының қарауына енгізеді және Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты Регламентінің 58-тармағына сәйкес бірінші оқылымда мақұлдауды ұсынады.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Айнұр Серікпайқызы.

Құрметті әріптестер, заң бойынша сұрақтарыңыз бар ма?

Сөз депутат Сатвалдиев Алишер Гапиржановичқа беріледі.

САТВАЛДИЕВ А.Г. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрақтарым Денсаулық сақтау министрлігінің өкіліне.

Медицина қызметкерлерін қылмыстық тергеуге тартудың статистикасына қарасақ, айқын өсу тенденциясы байқалады. Алайда қозғалған қылмыстық істерді жіті қарасақ, 300-350 істің ішінде 10-12 іс қана расталып, айыптылар қылмыстық жауапкершілікке тартылып отыр. Бұл дегеніміз 95 пайыздан астам жағдайда арыздардың негізсіз қылмыстық тергеуге түсетінін аңғартады. Соның нәтижесінде жоғары білікті кадрлардың жұмысқа ынтасы төмендеп, жұмыстан кету жағдайлары жиілегенін байқаймыз.

Бүгін қарастырылып отырған заң аясында қалыптасқан жағдайды реттеу механизмдері көзделуде, бірақ әлі де кемшіл тұстары байқалады. Солардың қатарында азаматтардың өмірі мен денсаулығына келтірілген зиян туралы шағымдарды қарау жөніндегі тәуелсіз сараптама комиссиясының қызметін қамтамасыз ету үшін 12 мыңнан астам профильді мамандар мен сарапшыларды тарту көзделіп отыр. Бұл ретте де 30 профильдік мамандық бойынша мамандар тапшылығы байқалады.

Сондай-ақ медициналық құжаттардың құқықтық базасын қосымша пысықтау қажеттілігі туындайды. Бүгінгі таңда медициналық көмек көрсетудегі 78 стандарттың 49 стандарты әзірленсе, олардың 21 стандартында жарактандыру талаптары жоқ. Диагностика мен емдеудің 1 мың 103 клиникалық хаттамасы болса, соның 50 пайызы ғана өзектендірілген. Осыған байланысты сұрақтарым бар.

Жоғарыда аталған шешімі табылмаған мәселелер бола тұра медицина қызметкерлерінің кәсіби жауапкершілігін сақтандырудың ұсынылған моделі қалай енгізіледі? Министрлік қалыптасқан жағдайды шешу үшін қандай шаралар қабылдамақ? Рақмет.



ТӨРАҒА. Денсаулық сақтау бірінші вице-министрі Сұлтанғазиев Тимур Сламжанұлы, жауап беріңіз.

СҰЛТАНҒАЗИЕВ Т.С. Сұрағыңызға рақмет.

Расымен де кәсіптік жауапкершілікті сақтандыру заңнамасының аясында екі негізгі мақсатты шешу көзделген. Бірінші – пациенттердің құқығын қорғау, екінші – біздің медицина қызметкерлерінің құқығын қорғау. Осы заңнаманың аясында ең үлкен рольдердің бірі пациенттерді қолдау қызметтеріне беріліп отыр. Қазіргі уақыттың өзінде көптеген медицина мекемелерінде осындай қызметтер жұмыс жасап жатыр.

Екіншіден, тәуелсіз сараптама комиссияларын құру. Қазірдің өзінде медициналық сапаны тексеру комитетінің аясында 600-ден астам сараптамашы бар. Сонымен қатар осы заң аясындағы сегізінші деңгейдегі квалификацияға ие дәрігерден осы салада 12 мың дәрігер бар. Олар профессорлар, доценттер, медицина ғылымдарының докторы, жоғары деңгейдегі медицина мамандары. Солар осы сараптама жұмысына тартылатын болады. Сәйкесінше сараптау бойынша оқыту мәселелері осы жылдың ішінде көзделген. Айтып кеткен клиникалық хаттамалар мен медициналық қызметтер бойынша стандарттарды жаңартуға қатысты жұмыс қазірдің өзінде белсенді түрде басталып кетті. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Толамисов Амангелді Ғабдылкәрімұлына беріледі.

ТОЛАМИСОВ А.Ғ. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрақтарым Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің өкіліне.

Заң денсаулық сақтау субъектілерінің медициналық қызметтер көрсету сапасын жақсарту мақсатында медицина қызметкерлерінің кәсіби жауапкершілігін сақтандыру жүйесін кезең-кезеңімен енгізу тетіктерін көздейді. Бұл ретте медицина қызметкерлерінің сақтандыру жүйесін дамыту мәселелерін зерттеген мамандар медицина қызметкерлерінің әлеуметтік мәртебесін көтермей, олардың табыстарын ұлғайтып, еңбек жағдайларын жақсартпай медицина қызметкерлеріне сақтандыру жүйесін енгізу жеткілікті деңгейде тиімді болмайды деп отыр.

2019 жылдың желтоқсан айында «Педагог мәртебесі туралы» Заңның қабылданғанын білеміз. Педагог мәртебесі айтарлықтай көтеріліп, әлеуметтік кепілдіктерді ұлғайту және ұстаздардың еңбекақысын төлеу жүйесі жетілдіріліп, педагогтардың беделі артып, елде қалыптасқан педагог қызметкерлерінің тапшылық мәселесін шешуде айтарлықтай ілгерілеу болғаны баршамызға белгілі. Осыған байланысты менде сұрақ туындайды.

Педагог мәртебесіне сәйкестендіріп медицина қызметкерлері үшін де әлеуметтік кепілдіктерді одан әрі арттыруды, сонымен қатар медицина қызметкерлерінің мәртебесі туралы дербес заң деңгейінде оларды бекіту уәкілетті органның жоспарында бар ма?

ТӨРАҒА. Тимур Сламжанұлы, жауап беріңіз.

СҰЛТАНҒАЗИЕВ Т.С. Сұрағыңызға рақмет.

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша 2020 – 2023 жылдардың арасында үш жыл бойы дәрігерлердің жалақысын 30 пайызға жыл сайын көтерген болатынбыз, сонымен қатар мейірбикелердің жалақысы жыл сайын 20 пайызға көтерілген болатын. Сондай-ақ жобаның ішінде медицина қызметкерлерінің мәртебесін көтеру көзделді, оны жаңа ғана өзінің баяндамасында Айнұр Серікпайқызы айтып кеткен болатын. Осы заңның ішінде сәйкесінше «Қазақстанның еңбек сіңірген дәрігері» құрметті атағы, сонымен қатар кәсіп үздігі ретіндегі республикалық конкурстың жүлдегері, ауылға баратын дәрігерлерге 8,5 миллион теңге үстемеақысының төленуі, әлеуметтік мәртебені көтеру бойынша басқа да нормалар енгізілген болатын. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Сарыбаев Ғалиасқар Төлендіұлына беріледі.

САРЫБАЕВ Ғ.Т. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрағым Тимур Сламажанұлына.

Ұлт қауіпсіздігінің негізгі стратегиясының бірі – ұлт денсаулығы. Өскелең ұрпақтың денсаулығы – ұлт болашағы.

Осы заңды қарау барысында Сенат депутаттары балалар мен жасөспірімдерге энергетикалық сусындарды сатуды 21 жасқа дейін шектеуге және қатаңдатуға қатысты ұсыныстар енгізді. Алайда бұл шешім барлық мәселелерді шешпейді, себебі энергетикалық сусынды тұтыну:

жүрек-қан тамырлары, қант диабеті, бүйрек, жүйке тамырлары, мигрень ауруларына алып келеді;

жүкті әйелдерде шарананың дамуына кері әсер етеді;

адамда қорқыныш, үрей пайда болады;

психологиялық және физикалық тәуелділікке алып келеді.

Біз ұсынған түзетулер белгілі бір дәрежеде бизнесті шектейтінін түсінеміз, алайда балаларымыздың, немерелеріміздің денсаулығы кез келген триллиондаған қаржыдан қымбат екенін естеріңізге салғым келеді.

Осыған байланысты бірінші сұрақ. Неге Қазақстан Республикасының Үкіметі Парламент депутаттарының бастамасын қолдай отырып, осы мәселенің қорытындысын бүгінгі күнге дейін бермеді, кешіктірді?

Екінші сұрақ. Осы мәселе бойынша сіздердің нақты ұсынымдарыңызды білгіміз келеді.

Үшінші сұрақ. Бұл мәселе қандай мерзімде және қандай заң жобасы аясында өзінің заңнамалық шешімін табады? Себебі бұл біздің болашағымыз. Рақмет.

ТӨРАҒА. Тимур Сламажанұлы, жауап беріңіз.

СҰЛТАНҒАЗИЕВ Т.С. Сұрақтарыңызға рақмет.

Бұл жұмысты біз бастап кеткен болатынбыз. Қазірдің өзінде 21 жасқа дейінгі жасөспірімдер мен балаларға энергетикалық сусындарды сатуға тыйым салу бойынша

Реттеушілік әсерді талдау (РӘТ) дайындалған. Ол РӘТ (АРВ) үкіметаралық комиссияда мақұлданған болатын. Қазір Үкімет қорытындысының жобасы дайын, барлық орталық мемлекеттік органдармен келісілген. Қазіргі уақытта Ішкі істер министрлігімен келісу ғана қалды.

Сонымен қатар басқа да нормалар бойынша, вендорлық аппараттарды сату немесе жарнамаларға тыйым салуда РӘТ бойынша жұмыс жүргізіліп жатыр. Біз Мәжілісте қаралып жатқан лудомания туралы заңнамаға осы нормаларды енгізетін боламыз. Рақмет.

ТӨРАҒА. Сөз депутат Рысбекова Ләззат Тұяқбайқызына беріледі.

РЫСБЕКОВА Л.Т. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрағым Денсаулық сақтау министрлігінің өкіліне бағытталады.

В соответствии с рассматриваемым законом при поступлении обращения от пациента или его близких родственников о причинении вреда жизни и здоровью в результате осуществления медицинской деятельности управления здравоохранения областей, городов республиканского значения и столицы либо государственный орган в лице Комитета медицинского и фармацевтического контроля перенаправляют их субъекту здравоохранения для принятия мер.

При этом субъект здравоохранения – это медицинская организация, в которой пациент получил некачественную медицинскую помощь при прохождении лечения. Этот же субъект здравоохранения, в свою очередь, создает независимую экспертную комиссию, которая будет рассматривать обращение. В этой связи возникают следующие вопросы.

Насколько является корректным перенаправление обращения пациента или его близких родственников в ту медицинскую организацию, в которой он получил некачественное лечение?

Как будет обеспечиваться объективность рассмотрения обращения пациента?  
Рақмет.

ТӨРАҒА. Тимур Сламжанұлы, жауап беріңіз.

СҰЛТАНҒАЗИЕВ Т.С. Спасибо за вопросы.

